

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің
технологиялық картасы**

Білім беру саласы: Таным

Бөлімі: ҚМҰҚ

Тақырыбы: «Геометриялық пішіндердің ғажайып әлемі»

Мақсаты: үшбұрыш, шаршы, дөңгелек, төрт тікбұрыш геометриялық фигуралар туралы өткенді пысықтау. Сандарды тура, кері санауға, триз технологиясы арқылы баланың қиялың, ой – өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту.

Көрнекі құралдар: геометриялық пішіндер, сандар

Оқу қызметінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық - қозғаушы	<p><i>Шаттық – шеңбері</i> Күннің көзі ашылып, Көкте шуақ шашылып, Құтты қонақ келіпті Төрімізге еніпті. Амандасу үлкенге Тәрбиенің басы ғой Ал, қанекей бәріміз, Сәлем дейік үлкенге Сәлеметсіздер ме, апайлар?! Балалар, бүгін математика оқу қызметінің «Геометриялық пішіндердің ғажайып әлемі» тақырыбы бойыншы жұмыс істейміз.</p>	<p>Сөздерді қайталап қимыл – қозғалыс жасайды.</p>
Ұйымдастырушылық – ізденістік	<p>Ерте, ерте, ертеде математика атты патшалықта Пішінбек ханша өмір сүріпті. Оның әдемі сарайы болыпты. Сол сарайда жалғыз тұрыпты, жалғыз тұрып іші пысқан ханша былай деп армандапты.</p> <ul style="list-style-type: none"> - О, шіркін. Менің мынадай сарайымда көп достарым болсағой! Мен олармен бірге тапсырмаларды орындап, ойын ойнаушы едім. - Балалар, біз Пішінбек ханшаға достар табуға көмектесеміз бе? - Балалар біздің топ әр түсті шарлармен безендірілген. 	<p>Назарларың Пішінбектің сарайына аударады.</p> <p>Иә.</p>

	<p>Бұл шарлар жай шарлар емес, сиқырлы шарлар. Әр шарда өз геометриялық пішіні бар. Әр пішінде тапсырмалар бар.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Дильназ, сен қандай түсті шарды таңдайсың? Көк – синий. - Дильназ, мынау қандай геометриялық пішін? - Балалар, дұрыс па? Үшбұрыш – треугольник. - Үшбұрыштың мынадай тапсырмасы бар. Сандарды кері сана. - Рахмет Дильназ, сен тапсырманы дұрыс орындадың. Енді сен үшбұрышты Пішінбекке сыйла. <p><i>Сергіту сәті</i> Көне балалар тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Алақанды соғайық Он жақта тұрған балаға Сол жақта тұрған балаға</p> <ul style="list-style-type: none"> - Дарина, сен қандай түсті шарды таңдайсың? - Дарина, мынау қандай пішін? <p>Дөңгелек пішіннің тапсырмасы. «Таңғырам ойыны» арқылы беріліпті. Ойынның шарты: әр түрлі геометриялық пішіндерден бейне құрастыр. Дарина өз пішінің Пішінбекке сыйлайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, біз Пішінбекке көңілін көтердік. Оған біз көп достар тауып бердік. Енді біз Пішінбекке шығармашылық жұмыстарымызды көрсетейік. «Суретті 	<p>Көк түсті шарды.</p> <p>Үшбұрыш.</p> <p>Ия, дұрыс.</p> <p>Санайды кері.</p> <p>Сөздерді қайталап қимыл – қозғалыс жасайды.</p> <p>Жасыл түсті шарды.</p> <p>Дөңгелек.</p> <p>Балалар суреттегі пішіндерге қисық пішіндерді өз орнымен орналастырады.</p> <p>Математика.</p> <p>Жауап береді.</p>
--	---	---

	<p>толтыр»</p> <p>Ойын: «Өз ұянды тап»</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жарайсындар балалар. Біз Пішінбектің және өзіміздің көңілімізді көтердік. - Балалар, бізде қандай оқу қызметі болды? - Математика патшалығында кім өмір сүріпті? - Пішінбекке қандай достар тауып бердік? - Бұл пішіндерді біз қалай атаймыз? - Балалар сендер бүгін тапсырмаларды жақсы орындадыңдар. Бірақ менің сендерге тағы бір тапсырмам бар: төрт тікбұрыш қорапшаны тауып алындар оның ішінде сендерге арналған сыйлықтар бар. <p>Сыйлықтарды тарату.</p>	
<p>Рефлексті – түзету</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Айлин сен қандай түсті шарды таңдайсың? - Айлин қызыл түсті шарда қандай геометриялық пішін бар? - Төртбұрыш – квадрат. Төртбұрыштың тапсырмасын тыңдайық. Сандарды ретімен сызық арқылы қос. - Айлин рахмет, сен тапсырманы өте жақсы орындадың. Төртбұрышты Пішінбекке сыйла. - Назерке, сен қандай түсті шарды таңдадың? Сары – желтый. - Сары түсті шардың қандай пішіні бар? Тікбұрыш – прямоугольник. - Тікбұрыштың қандай тапсырмасы бар екен? 	<p>Қызыл түсті шарды.</p> <p>Төртбұрыш.</p> <p>Сары түсті шарды.</p> <p>Тікбұрыш пішіні.</p>

	<ul style="list-style-type: none"> - Алма ағашында бес алма, Қандай тәтті жесе алма Бесеуін де жеп қойсан қалды онда неше алма? Балалар дұрыс па? Әрине дұрыс. - Назерке, егер сен екі алма жеп қойсан ағашта неше алма қалды? Балалар дұрыс па? Әрине дұрыс. - Назерке сен өз пішінін Пішінбекке сыйла. 	<p>Бір де алма қалған жоқ.</p> <p>Екі алма қалды.</p>
--	---	---

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үшбұрыш, шаршы, дөңгелек, төрт тікбұрыш геометриялық фигуралар туралы;

Игереді: сандарды тура, кері санауды;

Меңгереді: геометриялық пішіндерден бейне құрастыруды.